

ЖШС «Малика» мектепке дейінгі шағын орталығы

№3 хаттама

«Маалика» мектепке дейінгі шағын орталығының өндірістік жиналышы

14 ақпан 2023 жыл

Қатысушылар: 11

Күн тәртібінде:

1. Топтардағы сантарлық – эпидемиологиялық орындалысы
2. Балабақшаның материалды-техникалық жабдықталу қорытындысы
3. Қызметкерлердің кезекті еңбек демалысының кестесін бекіту.

Бірінші мәселе бойынша медбике топтардағы санитарлық – эпидемиологиялық нормалар туралы топтардың тәрбиешілерімен көмекшілеріне нұсқаулықтар берілді және түсіндірілді. Бөлмелерді желдету, кварцтау кестелері ілінді. Қысқы от жағу мезгілінде бөлме температурасын қалыпты ұстау өз бақылауыма алдым. Тұмау мен суық тиудің алдын алу шаралары жасалды.

Екінші мәселе бойынша орталықтың шаруашылық менгерушісі есеп берді. Биылғы жаңа оқу жылына материалдық – техникалық жабдықтауға бөлінген қаржы толығымен игерілді.

Балалардың тамақтанатын ыдыстарын ауыстырылды, асхана техникалары жаңартылды, жаңа оқу құралдары сатып алынды. Балаларға жаңа төсектермен ойыншыктар, төсек жабдықтары алынды.

Үшінші мәселе бойынша орталық менгерушісі К.Джаксибаева ҚР Еңбек кодексінің 92-бабына сәйкес жыл сайынғы ақылды еңбек демалысы жұмыс орны (лауазымы) мен орташа жалақысы сақтала отырып, белгілі бір күнтізбелік күндер санына беріледі. Ережеге сәйкес бес күндік, сондай-ақ алты күндік жұмыс аптасында орташа айлық жалақыны есептеу белгіленген қосымша ақылар мен үстемеақылар, сыйақылар және еңбекақы төлеу жүйесінде көзделген тұрақты сипаттағы басқа да ынталандыру төлемдері ескеріле отырып, тиісті кезеңдегі орташа күндік есебінен нақты жұмыс істелген уақыт үшін жүргізіледі.

Сонымен орталық қызметкерлерінің кезекті еңбек демалысы жоспары бекітілді, жұмыс істеген уақыты 11 айдан асқан жұмысшылардың барлығы өз кесте бойынша демалысқа шыға алады.

14 ақпан 2023 жылғы өндірістік жиналышының шешімі:

1. Санитарлық- гигиеналық талаптарға сәйкес жоспарды орындау. Балалардың денсаулығын нығайту шараларын қолға алу;

2. Мұліктер тізімін жасап, балалардың жаңа төсектерімен, жабдықтарына белгі жасау;
3. Белгіленген кесте бойынша қызметкерлерді кезекті еңбек демалысына жіберу;

Орталық менгерушісі



К.Джаксибаева